e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

3 қазан 2018 ж. сәрсенбі №115 (18763)

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

Экспорт – экономика тетігі

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Қостанай экспорттаушылардың кеңесінде қазақстандық тауарлардың сыртқы нарыққа бейімделуі талқыланды. Тауарларды экспортқа шығару үшін оларды сақтандыру маңызды кезең саналады.

– Қостанай облысының әлеуетті компанияларының дені біздің тұтынушыларымыз. Кез келген компания экспорт нарығында әлдебір қиындықтарға тап болуы мүмкін. Сол уақытта біздің сақтандыру корпорациямыз көмекке дайын тұрады. Сондықтан да Қостанай компаниялары тауар дистрибьюторлары желісін ұлғайтты. Солардың бірі – "Баян Сұлу" кондитер фабрикасы. Оларға сақтандыру қызметімізді үнемі ұсынымып келеміз, – дейді "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы" АҚ басқарма төрағасы Руслан Ысқақов.

Қостанай экономикасының негізгі тетігі– автоөндіріс. 2018 жылдың аяғына дейін қостанайлық автокөліктер-Ресей мен Орта Азия елдеріне сатылмақ. "AllurGroup" автомобиль компаниялары тобының басқарма төрағасы Андрей Лаврентьев айтқандай, "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясы қазірдің өзінде 1,5 млрд теңгенің өнімін сақтандырып отыр.

– Біз өзара әріптестікті 2017 жылдан ғана бастадық. "AllurGroup" автомобиль компанияларының тобы өзөнімдерін әлемнің бірнеше еліне экспортқа шығарады. Оның ішінде, 7,5 мың көлік Қытайға сатылады. Тек қана JAC маркалы көліктің 3 мыңнан астам данасын Ресейге жеткіземіз. Келесі жылы өнімдерімізді Ресейдің Санкт-Петербург, Мәскеу және Батыс Сібір аймақтарына ұсынамыз, – дейді басқарма төрағасы.

Ал облыс әкімі Архимед Мұхамбетов автокөліктерді шығаруда санға емес, сапаға назар аударуды тапсырды.

2-бет

Сурет газет архивінен алынды.

Баспасөз – 2019

"Қостанай таңы" – сенің газетің!

оған 2019 жылға жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

"Қостанай таңы" газетіне жазылу бағасы:

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:

1 жылға – 6800 теңге

6 айға – 3400 теңге.

– жеке оқырмандарға:

1 жылға – 5000 теңге

6 айға – 2500 теңге.

– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

1 жылға – 4800 теңге

6 айға – 2400 теңге.

"Қостанай таңы" газетіне "Қазпошта" бөлімшелерінде және аймақтық "Костанайские новости" газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.

Маусымды қорытындылады

Қарлығаш ОСПАНОВА

Облыстық ТЖД-нде суға шомылу маусымының қорытындысы бойынша өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өтті. Департаменттің бас маманы азаматтық қорғау майоры Қ.Тәуекеловтің айтуынша, биылғы маусымда рұқсат етілмеген жерлерде мас күйінде суға түсу, балаларды қараусыз қалдырудың салдарынан 15 адам суға кетіп, оның 11-і құтқарылған. Дегенмен, өткен жылмен салыстырғанда суға бату деректері 12 пайызға төмендеген. Бұл әрине, төтенше жағдай мамандарының суға шомылу маусымы кезінде алдын алу және түсіндірме жұмыстарын көптеп жүргізгендігінен, яғни, соның нәтижесінде былтырғыға қарағанда судағы қауіпсіздікке мән беретіндер саны артқан. Сондай-ақ, мамандар жағажайларды тексеру барысында 48 әкімшілік заңнаманы бұзу деректерін анықтап, 192 400 теңге көлемінде айыппұл салған. Облыстағы су қоймаларында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 16 құтқару бекеті құрылып, жүзуге тыйым салынған жерлерге 412 белгі орнатылған.

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мамандары облыс тұрғындарына 1 қыркүйектен бастап суға түсу маусымының жабылғанын ескертеді. Сондықтан тілсіз жаудың құрбаны болмас үшін сақтық шараларына немқұрайлы қарамауға шақырады.

"Тіл шебері"

Қымбат ДОСЖАНОВА

Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен "Мирас" мәдениет үйінің кіші залында үш тілді жетік меңгерген жастар арасында "Тіл шебері" қалалық байқауы өтті. Сайыста ұлтына, мамандығына, кәсібіне қарамастан 18-30 жас аралығындағы жастар бақтарын сынады.

Қаланың мектептері мен мекемелерінен барлығы он үміткер қатысқан еді. Олар қазақ халқының тарихы мен заңғар тұлғалары туралы сұрақтарға мемлекеттік тілде жауап беріп, қазақшаны қаншалықты меңгергендерін сынады. "Мәдениеттаным" кезеңінде ұлтымыздың салт-дәстүрлеріне қатысты сауалдарға орыс тілінде, "Елтаным" сайысындағы сұрақтарға ағылшын тілінде жауап берді. Осылайша үш тілді қатар меңгергендерін дәлелдей түсті. Келесі "Өнертаным" кезеңінде қатысушылар өз өнерлерін паш етіп, бірінен-бірі озуға тырысты. Үміткерлердің талпынысына қарап отырып, "Жүйрікте де жүйрік бар, бабына қарай шабатын" деген атадан қалған асыл сөз еріксіз еске түсті.

Сайыстың соңында әділқазылардың шешімімен жүлделі 1-орынды Б.Момышұлы атындағы №5 мектептің мұғалімі Асан Көбетаев, 2-орынды №20 орта мектептің мұғалімі Эльдана Шалова, 3-орынды С.Мәуленов атындағы гимназияның мұғалімі Аяжан Балтабаева иеленді. Барлық қатысушылар диплом және алғыс хаттармен марапатталды. Бұл байқауға А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-нің практикалық лингвистика кафедрасының меңгерушісі Гүлжанат Жүрсіналинаның, аталмыш университеттің шет тілдері кафедрасының ағылшын тілінің аға оқытушысы Фатима Крупенкинаның және практикалық лингвистика кафедрасының орыс тілінің оқытушысы Бибігүл Беркенованың қазылық жасағанын айта кетейік.

Экспорт – экономика тетігі

1-бет

– 2016 жылы жылына 2-3 мың ғана көлік шықты. Былтыр 6 мыңға дейін жеткіздіңіздер. Осы жылдың соңында 11 мың көлік қолданысқа беріледі. Дегенмен, келесі жылғы көрсеткіштеріңіз ойландырады. 25 мың көлік шығару үшін де қомақты қаржы керек. Бастысы сапаға мән беріңіздер, – деді Архимед Мұхамбетов.

Сыртқы нарыққа шығуға қауқарлы тағы бір компания – Қарабалық ауданындағы "Астық индустриясы" агрохолдингі. Бүгінде бұл холдинг "Қазақстан ет одағы" және "Қостанай облысының ет кластері" жобаларының тұрақты қатысушысы.

"Агрохолдинг құрамына "Север-Агро Н" асыл тұқымды мал шаруашылығы комбинаты, "Терра" бордақылау алаңы, "Тоғызақ" астық өнімдері комбинаты және "Ақ-Бидай-Агро" фирмасы секілді бір қатар нысан кіреді.

– Осы жылдың маусым айында "KazakhExport" сақтандыру компаниясы мен "Аграрлы кредит корпорациясы" арасында үш жақты келісімге қол қойылды. Мұндағы мақсат – экспортқа шығаруға дайын өнімдердің сапасын арттырып, экономиканың дамуына атсалысу.

Меморандум нәтижесінде үй жануарларын жем-шөппен асырау базасын кеңейтуге, ірі қарамалдарды көбейтуге мүмкіндік алдық, – деді жиында "Астық индустриясы" агрохолдингі бас директоры Дәулет Ахметқалиев.

Айта кетейік, "Астық индустриясы" агрохолдингі құрамындағы "Терра" бордақылау алаңында 8 мың ірі қара жемделеді. Компания облыстағы ет кластерінің қалыптасуына үлес қосып отыр. "Север-Агро Н" шаруашылығы 3500 ет бағытындағы және 2800 сүт бағытындағы асыл тұқымды мал өсіреді. Ал "Ақ-Бидай-Агро" агрофирмасы 3-4 ауданда 85 мың гектар алқапқа бұршақ, майлы дақылдар өсірумен айналысады. Олардың ішкі және сыртқы нарықта жоғары сұранысқа ие өнімі Қарабалық ауданында өңделеді.

"Астық Индустриясы" ЖШС Ресей мен Өзбекстанға экспортқа шығады. Ендігі мақсат – қазақстандық өнімдерді сыртқы сұранысқа дайындау.

Жиынды облыс әкімі қорытындылады. Архимед Мұхамбетов экспорттаушылардың жұмыстарына жақсы бағасын берді. Дегенмен, алда бағындырар белес көп.

– Экспорт тек қана ұлғаюы тиіс. Сол себепті кәсіпкерлерге тынбай еңбектене беру қажет. Сыртқы нарық бағытында "KazakhExport" экспорттық сақтандыру компаниясының көмегі зор. 2017 жылы облыстың ішкі сауда-саттығы 2 млрд 31 млн долларды құрады. Ал осы жылдың 7 айында экспорт тауарлары 70 пайызға дейін өсіп, 947 млн долларға жетті, – деді аймақ басшысы.

Қостанай облысы әлемнің 90-нан астам елімен сауда-саттық байланысын орнатты. Экспорт тауарларының көбі Ресейге жөнелтіледі. Бүгінде аталмыш көрсеткіш 53 пайызға тең. Сондай-ақ, қостанайлықтардың өніміне Қытай, Тәжікстан, Өзбекстан, Иран сияқты елдер қызығушылық танытуда.

Сурет газет архивінен алынды.

Тұмаудан сақ болыңыз

Қарлығаш ОСПАНОВА

Елімізде 1 қазанда тұмауға және өткір респираторлық инфекциялардан қорғау үшін жаппай вакцина егу науқаны басталды. Бұл туралы облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінде өткен брифингте айтылды.

Департамент басшысының орынбасары В.Севостьяновтың айтуынша, өткен эпидемиологиялық маусымда еліміз бойынша 600 мыңнан астам адам өткір респираторлық вирусты жұқпамен ауырса, соның жетпіс мыңнан астамы біздің өңірге тиесілі. Ал өткен жылы елімізде тұмаудың зертханалық дәлелденген екі мың жағдайы тіркелсе, біздің Қостанайда 13 жағдай тіркелген. Суық тиіп сырқаттанғандардың 70 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар көрінеді.

– Осы маусымда сарапшылар тұмаудың А (H1N1) – Мичиган, А (H3N2) – Сингапур және В – Колорадо сияқты үш түрін күтуде. Егер тұрғындар тұмаудың екі штаммымен былтырдан таныс болса, ал "Сингапур" штаммымен бірінші рет кездесеміз. Сондықтан тұмауға қарсы ең тиімді алдын алу шарасы вакцина екені даусыз. Биыл облысқа 57 мың доза "Гриппол плюс" вакцинасы сатып алынды. Бұған бюджеттен 48 млн теңге бөлінді. Тағы да қосымша 5600 доза вакцина сатып аламыз, ол екі аптаның ішінде жеткізіледі. Ресейде шығарылған бұл вакцинаның

құрамында жоғарыда айтылған тұмаудың үш түріне қарсы штамм антигендері бар. Мемлекет есебінен созылмалы өкпе, жүрек-қан тамыры ауруларымен ауыратындар, иммунитеті төмен балалар, медицина қызметкерлері, жүкті әйелдер сияқты халықтың ең әлсіз топтарына вакцина тегін беріледі. Облыс бойынша тұмауға қарсы вакцинациялауды жүргізу үшін 361 егу пункті ұйымдастырылған, – дейді Севостьянов.

Мамандардың айтуынша, жаппай тегін егу науқанынан бөлек, тұрғындардың жеке қаржысына да вакцина егіледі. Ақылы егу қаламыздағы "Мәриям ЛТД" және "Уромед" клиникаларында жүргізіледі. Әзірге вакцинаның құны қанша екендігі белгісіз.

Жылу берілді

Қостанай жылу энергетикалық компаниясы облыс орталығындағы бірнеше әлеуметтік нысанға жылу берді.

"Бүгінде 133 әлеуметтік нысанның (мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер және т.б.) 62-не жылу берілді. Қалған нысандар жылу қосуға дайын екеніміздің хабардар. Нақ қазіргі уақытта олар жылудың қажеті жоқ екенін айтып отыр", – дейді аталған ведомстволық баспасөз хатшысы Салтанат Қасенова.

Бұған дейін Қостанай қаласының әкімі Базыл Жақыпов барлық ПИТК мен коммуналшыларға жылыту маусымына дайындалуды тапсырған болатын. Әсіресе, көпқабатты үйлерді қалалық жылыту жүйесіне дұрыс қосылуын жіті қадағалау керектігі айтылған.

"Ауа райының жылылығына қарап, босаңсуға болмайды. Былтыр үйлерге жылу беруді біз осы кезде бастаған едік", – деді С.Қасенова.

Қ.БОРАНБАЙҰЛЫ.

ПАРТИЯ ТЫНЫСЫ

Байланыста бас полицей

Қостанай облысы ІІД бастығы Бекет Аймағамбетов "Нұр Отан" партиясының облыстық филиалында қоғамдық қабылдау өткізді. Аймақтың бас полицейінің қабылдауына алдын ала жазылып қойған азаматтармен қатар, интернет желісі арқылы байланысқа шығып, сауалдарын қойғандар да болды. Шалғай жерден жылдам хабар алғызған интернеттің мұндай мүмкіндігі, әсіресе, ауыл тұрғындары үшін тиімді болып тұр. Аудан және шағын елді мекендердің тұрғындары Скайптың көмегімен байланысқа шығып, ІІД бастығына сауалдарын жолдай алды.

Азаматтардың шағымдары сан түрлі. Басым көпшілігі қылмыстық істердің тексерілу барысына қызығушылық танытып жатты. Ведомство басшысы Бекет Иманұлының айтуынша, партияның ұйымдастырылуымен өтетін қоғамдық қабылдаулар құқық қорғау органдары қызметінің ашықтығын дәлелдей түседі.

Қостанай облысы ІІД баспасөз қызметі.

ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

Төлем төлеу оңайлады

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Еліміздегі шағын және орта бизнесті дамытуды қолдаудың маңызды бағыттарының бірі – ҮИИД (Үдемелі индустриалды инновациялық даму) мемлекеттік бағдарламасы. Осы бағытта "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы қабылданып, кәсіпкерлерге нақты мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілуде.

Биылғы жылы Арқалық қаласында ісін жаңа бастаған "Есен Г.Ж." кәсіпкерлігіне бірегейлігімен және жаңашылдығымен ерекшеленетін бизнес-идеясын іске асыру үшін 2 150 000 теңге грант берілді. Кәсіпкердің қосқан өз жеке қаржысы 300 000 теңге. Осы қаражат арнайы жасақталған 2 касса бөлмесі, компьютер және қосалқы бөлшектері, кассалық жиһаздар мен құралдар алуға жұмсалды.

Бизнес-жобаның негізгі мақсаты – қаладағы барлық коммуналдық төлемдерді бір түбіртек арқылы төлеуге болатын бірыңғай есептеу орталығын құру болатын. Жас кәсіпкердің айтуынша, бұл жоба – Елбасымыздың биылғы "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасында көрсетілгендей, заманауи ақпараттық-технологиялардың мүмкіндігін пайдаланып, игілігін көруге бағытталған.

Жеке кәсіпкер жаңа жүйе арқылы коммуналдық төлем төлеудің "интернет-банкинг", "www.erc00.kz" сайты және ұялы телефонға "Город ЕРЦ" қосымшасын жүктеу арқылы үйден шықпай-ақ төлем төлеуге болатын бірнеше тәсілін ұсынып отыр.

Арқалық қаласы.

ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Көңілді көтерген кеш

Әулиекөл ауданында алғаш рет "Көңілді тапқырлар клубы" фестивалі өтті. Бұл өнер додасының ерекшелігі мектеп оқушылары арасында "Әлеуметтік желідегі өмір" тақырыбында өтуі еді. Фестивальге "9 элементов", "Тфәй-тфәй", "Ребята из чата", "Аманқарағай жастары", "Bubl gum", "Біздің жігіттер", "Universe" деген атаумен ауданның әр өңірінен келген жеті команда қатысты.

Көңілді тапқырлар фестиваліне аудан әкімінің міндетін атқарушы Асхат Қисықов, мәслихат хатшысы Дәулет Қойшыбаев және аудан әкімінің орынбасарлары мен мекеме басшылары, мектеп ұжымдары мен аудан тұрғындары қатысты. Ал сайыскерлердің өнеріне облыстық "Достар" КТК лигасының әкімшісі Екатерина Усова, "Достар" КТК лигасының басшысы Арман Жолданов, редакторы Есбол Бекболатов, "Жайдарман" облыстық және республикалық ойындарының екі дүркін чемпионы Байболат Сегізбаев, "Хабар" телеарнасында жастар арасында өткен телевизиялық шоу жобасының қатысушысы, Киев қаласындағы "Рассмеши комика", ТНТ телеарнасындағы "COMEDYBATLE" қатысушысы Алмат Ысқақов бастаған әділқазылар алқасы төрелік етті.

Жарысқа қатысушылардың бәрі қолдарынан келгенше бар өнерлерін аянып қалмады. Дегенмен, жарыстың аты жарыс, "жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлардың" анықталатыны белгілі. Сонымен бас жүлде – 100 мың теңгенің сертификатын аудан орталығындағы С.Баймағамбетов атындағы орта мектебінің "9 элементов" командасы қанжығасына байлады. Ал екінші орынды И.Сьянов атындағы орта мектебінің "Ребята из чата" командасы, үшінші орынды "Аманқарағай жастары" иеленді. Сондай-ақ, қалған командалар да көрермен көзайымы атанып, барлығы да ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

Ал кеш соңында облыстық "Достар" КТК-ның жеңімпаздары өз өнерлерін ортаға салып, жергілікті тұрғындардың ыстық ықыласына бөленді. Осы орайда аудандық фестивальдің өтуіне демеушілік жасаған шаруа қожалығының иесі Асхат Жақашевтың да еңбегін ерекше атап өткен жөн.

Ж.СЫЗДЫҚОВА.

Әулиекөл ауданы.

2018 жылдың 4-тоқсанына арналған "Қостанай облысы әкімінің аппараты" ММ әдеп жөніндегі уәкілінің мемлекеттік қызметшілерді және басқа да азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Қабылдауды жүргізетін тұлғаның аты-жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Байланыс телефондары
Сүйіндіков Қ.Ж.	31 қазан 28 қараша 26 желтоқстан сағат 10.00	530-830 575-057

Жеке қабылдауға алдын ала жазылу **№ 204** кабинетте жүргізіледі.

Байланыс телефондары: **530-830, 575-057**

Облыс әкімі аппаратының орналасқан жері: **Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 66.**

"Қостанай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі, Қостанай облысы әкімі аппараты қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі нормаларын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасын бұзу фактілері туралы 575-062 Қостанай облысы әкімі аппаратының сенім телефонына, 530-830 әдеп жөніндегі уәкілінің телефонына хабарласуға болатындығын еске салады.

Ақпарат жалған болып шықты

ОРИЕНТИРОВКА
КУИ-9510
Введен план перехват !!!
Рапорт СО- Оразтаева. 01.10.2018 г. поступило сообщение о том, что п. Затобольск ул. Калабаева около ЗШГ№ 3 неустановленное лицо, взяв за горло ребенка (девочку) увез в н/у направлении.
В подозрении данного преступления подозревается (небольшая) а/м красного цвета.

На основании изложеного на розыск похищеного и задержание подозреваемых лиц, прошу Вас ориентировать личный состав, приданые силы и общественоcть.

При получении какой-либо информации сообщить в наш адрес по тел: (8 714-55) 2-23-61, 2-19-41 или 102.

И.о. начальника Костанайского РОВД
подполковник полиции Жайлаубеков М.Б

30.09.2018

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Кешелі-бері ғаламтор бетінде, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде Қостанай ауданында оқушы баланы әлдекімнің ұрлап алып кеткені жайында жарыса жазуда. Онда: "Затоболдағы №3 мектеп гимназиясының екінші сыныпта оқитын қыз баланы бейтаныс ересек адам мойнынан қылғындырып, көлікке күштеп итеріп салып, белгісіз бағытқа алып кетті" делінген. Бұл көрініске аталған гимназия оқушысынан бөлек, тағы адамдар куә болыпты. Бір анығы, көлік қызыл түстес дейді көргендер.

Бұл жайт Қостанай аудандық ІІБ қызметкерлерін аяғынан тік тұрғызып, адам ұрлаушыны іздеу шараларын бастап кеткен.

Алайда, облыстық ІІД жоғарыдағы ақпаратты теріске шығарып отыр. Ведомствоның баспасөз қызметінің хабарлауынша, 1 қазан күні кешкі сағат 19.30-да Қостанай аудандық ІІБ-на Затобол тұрғыны бала ұрлығы жайында хабарлапты. Осы арыз бойынша полицейлер тексеру және жедел іздестіру шараларын жүргізеді. Тәртіп сақшыларының тапсырмасымен Затобол мектептерінің мұғалімдері ата-аналарға балаларының жоғалған-жоғалмағаны жайында сұрау салған.

"Жедел іздестіру жұмыстары мен аулаларды аралау барысында қызыл түсті "Фольксваген джетта" көлігінің иесі 43 жасар ер азамат анықталды. Белгілі болғандай, 1 қазан күні әлгі адам 4 жасар ұлымен бірге "Березка" дүкенінен шығып келе жатады. Бүлдіршін көлікке қарай бара жатып, сүрініп кеткен де жылай бастаған. Ал әкесі ұлын жерден көтеріп алып, көлікке отырғызған да үйіне кетіп қалады. Кейін арызданушы әлгі азаматты түр-тұлғасынан таныды. Сол себепті бала ұрлығына қатысты дерек расталмады" делінген облыстық ІІД баспасөз қызметінің өкілдері.

БІЛІМ

Ұзақ жылдан бері облысымыздағы педагог кадрларын даярлап келе жатқан оқу орындарының бірі де бірегейі – Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты болатын. Аталмыш оқу орны биыл Үкімет қаулысымен университет мәртебесін алды. Білім ордасындағы осынау өзгеріс пен басқа да жаңашылдықтар туралы сұқбаттасу үшін университет ректоры Еркін Әбілмен кездестік. Тарих ғылымының докторы, профессор Еркін Аманжолұлы басқарып отырған білім ордасында өзге де жаңалықтар бар екен.

Еркін Әбіл: «Жоғары білім қолжетімді болуы керек»

Қымбат
ДОСЖАНОВА

– Кешегі институт биылғы жаңа оқу жылын университет мәртебесімен бастап отыр. Жоғары оқу орнының дәрежесі өзгерді. Ендігі бағыттарыңыз қандай болмақ? Білім беру процесінде басқа да өзгерістер бар ма?

– Біздің университет мәртебесін алғандағы басты мақсатымыз – магистратура мен докторантура деңгейінде білім беру мүмкіндігін иелену еді. Толық жоғары оқу орны болу үшін міндетті түрде үш сатыда білім беру керек. Олар: бакалавр, магистратура, докторантура. Біздің оқу орнымыз институт болған кезінде жоғары білімді магистратура мен докторантура мамандарын даярлайтындай мүмкіндік болмады. Тек қана бакалавр дәрежесінің түлектерін оқытып келдік. Мұны толық жоғары білім деп айтуға келмес.

Педагогика саласындағы магистрлар мен докторларды Алматыдағы екі жоғары оқу орны оқытады. Бакалавр дәрежесіндегі білімін одан әрі жалғастыру үшін біздің түлектеріміз Алатау бөктеріне немесе іргедегі Ресейге баратын. Осындай бірқатар мәселелерді ескере келіп, аймақтардағы жоғары оқу орындары, Павлодар, Шымкент және Қостанайдағы педагогикалық институттар Үкіметтен университет мәртебесін сұрадық. Бұл процесс бір жылдан артық уақытқа созылды. Қуанышқа орай, Білім және ғылым министрлігі біздің ұсынысымызды қолдады. Жаңа мәртебеге ие болу үшін біз бірнеше мәрте тексеруден өттік. Университетке қойылатын өзіндік талаптар бар. Біз сол талаптардың үдесінен шықтық. Бір жылдың ішінде біздің материалдық базамыз, педагогтар құрамы, білім беру процесі, деңгейі жан-жақты тексерілді. Барлық көрсеткіштеріміз университет деңгейіне сай келгендіктен, Үкімет қаулысымен жаңа мәртебе берілді.

Біздің келесі қадамдарымыз қандай? Біз магистратура мен докторантуралық оқу бағдарламаларын ашуға заңды мүмкіндік алдық. Қазірдің өзінде психология және педагогика мамандығы бойынша магистратура лицензиясын алып үлгердік. Биыл осы мамандық бойынша бізге 5 грант берілді. Қосымша төрт магистр өздерінің қаражаттары есебінен оқуға түсті. Осылайша тоғыз алғашқы магистрді биыл оқуға қабылдадық. 2012 жылы біздің оқу орнында магистратура ашылған болатын. Бірақ ол аз уақыттың ішінде жабылып қалды. Себебі, педагогикалық институт мәртебесімен магистрларды даярлауға құқығымыз болмады. Мінекей, араға алты жыл салып тоғыз магистрды қабылдадық. Биылғы жылдың соңына дейін басқа да мамандықтар бойынша магистратурадан үш мамандық бойынша докторантурадан лицензиялар алғымыз келіп отыр. Олар: биология, педагогика және тарих. Мүмкін бұдан да басқа мамандықтардан алатын шығармыз. Оның бәрі кейінгі жылдардың еншісінде. Аталған үш мамандық бойынша бізде ғылыми мектептер бар, оқыту процесіне докторларымыз да дайын. Халықаралық байланыстарымыз да бар. Сондықтан біз осы аталған үш мамандыққа басымдық беріп, биылғы жылдың аяғына дейін докторантура ашып, жоғары деңгейдегі өзіміздің кадрларды даярлайтын боламыз. Университет мәртебесі бізге өзіміздің өңір үшін жоғары деңгейдегі кадр даярлауға мүмкіндік беріп отыр.

– Бакалавр дәрежесінде білім беру жүйесі өзгеріссіз қалды ма?

– Өзгерістер бар. Бірақ, олар университет дәрежесін алуымызға байланысты емес. Еліміздегі білім беру саласы ұдайы даму үстінде. Соңғы өзгерістерге байланысты біз кадрларды мамандық бойынша емес, бағыт бойынша дайындаймыз. Жоғары білім еңбек нарығының талабына толық жауап беруі үшін мамандықтар классификаторының құрылымына өзгерістер енгізілетін болады. Мысалы, математика, физика, информатика мамандықтары жеке-жеке оқытылса, алдағы уақытта оларды жаңа классификатор бойынша даярлаймыз. Бұрын мамандық деп аталса, енді білім беру бағдарламасы деп аталады. Жаңа жобаға сәйкес, әрбір бағдарламаны ЖОО-ы өздері дербес белгілейді. Қандай мамандық бойынша кадр даярлау қажеттігін бұдан былай университеттер өздері шешеді. Ол не үшін жасалып жатыр? Мысалы, бізде шағын комплектілі мектептер өте көп. Ондай білім мекемелерінде физик маманына толық сағат саны жетпеуі мүмкін. Әсіресе, ауыл мектептеріне физик-математик немесе математик-информатик маманы керек. Еңбек нарығының сұранысына жауап беру үшін ЖОО-дағы классификаторға өзгерістер енгізуге тура келеді.

Нарықтың талабы жылдам өзгеруде. Заман ағымына қарай жаңа мамандықтардың көптеген түрлері пайда болуда. Мысалы, робот техникасы. Робот техникасы деген мамандық жеке классификаторда жоқ. Бірақ, кадрларды даярлау керек. Тағы бір мысал, бізде тарих деген мамандық бар. Алайда, қазіргі өте қызықты жаңалықтардың дені информатика саласында ашылып жатыр. Оның ішінде тарихпен байланысты жаңалықтар бар. Ал бізде тарихшы-информатик маманын дайындайтын ЖОО жоқ. Әрбір жаңа мамандықты классификаторға енгізу үшін 3-4 жыл уақыт кетеді. Осы уақыттың ішінде бұл мамандықтардың өзі ескеріп қалуы бек мүмкін. Сол себепті бізге болашаққа қажетті, қазіргі күні әлі де пайда болып үлгермеген мамандықтар үшін кадр даярлауымыз керек. Бүгінгі кейбір мамандықтар 5-6 жылдың ішінде жойылып кетуі ғажап емес. Ал біз сол мамандықтар бойынша кадр даярлап жатырмыз. Болашақта ондай мамандықтарға қажеттілік болмай қалуы да мүмкін. Қазіргі мектептерде технология пәнін оқытады. Ертең бұл пән болмайды. Себебі, жаңа мазмұн бойынша еңбек пен өнер пәнін қосып жатыр. Сондықтан біз жоғары оқу орнындағы еңбек пәнінің мұғалімі мамандығының орнына робот техникасын енгізуіміз керек. Осындай ерекшеліктерді ескере келе, біз қазір білім беру бағдарламаларының реестрін өзіміз жасап жатырмыз. Қолданыстағы классификатор әлі жойылған жоқ. Қазан айының басында жаңа классификатор шығады деген үміт бар. Жаңа классификатор шыққан соң келесі жылы оқуға қабылданатын студенттерді жаңа білім беру бағдарламасы бойынша оқытамыз. Биылғы қабылданған 1-курсты өздері түскен мамандықтармен оқытып шығамыз.

Біз болашақта тарих пен дінтануды бір жеке бағдарлама ретінде оқытқымыз келеді. Бұл мектепке керек. Хореография, өнер, кітапхана ісінен жеке бағдарлама ашқымыз келеді. Бұл мамандықтарға сұраныс бар. Солтүстік Қазақстан өңірінде білікті хореографтарды даярлайтын ЖОО жоқ. Ондай мамандарды өзіміздің қазақ драма театры сұрап жатыр.

– Заманға сай, сұранысқа ие мамандықтар туралы айтып өттіңіз. Осы орайда түлектердің жұмыспен қамтылуы қалай шешілуде деген заңды сұрақ туындайды. Студенттерді төрт жыл оқытқан соң қолына дипломын ұстатып жібересіздер ме, әлде әрі қарай жұмысқа орналасуына көңіл бөлесіздер ме?

– Біздегі түлектердің дені педагогтар. Сол себепті білім басқармасымен жұмыс істеп жатырмыз. Басқармамен және жеке білім беру мекемелерімен келісімдер жасадық. Университетте түлектерді жұмыспен қамтумен айналысатын жеке бөлім бар. Біздегі жұмысқа орналастыру көрсеткіші 90%-ке жақын. Биылғы жазда оқу бітірген түлектермен қазіргі күнге дейін байланыс ұстап отырмыз. Оларды жұмыспен қамту мәселесі жүргізіліп жатыр. Былтыр жұмысқа орналастыру 86% болды. Түлектердің арасында әскерге кеткендер, магистратураға түскендер, тұрмысқа шығып, балалы болып жатқандар бар. Жалпы алғанда көрсеткіш 90%-ке жақын. Бұл өте жақсы нәтиже. Қазіргі күні дуалдық оқыту бойынша жұмыс істеп жатырмыз. 4-курстың студенттерін мектептерге жібереміз. Келісім бойынша олар оқып жүріп, мектептерде сабақ береді. Университетті бітірген соң сол жерлерде жұмыс істей береді. Дуалдық оқыту формасы өте тиімді. Студенттер тәжірибе алады, мектептер қажетті кадрлармен толығады. Біздің студенттер Қостанайдан бөлек Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарында жұмыс істейді. Ақмола облысындағы Есілден бері қарайғы мектептер біздің кадрлармен толығуда.

– 2014 жылдан бері қарай оңтүстік аймақтардағы жастардың «Серпін» бағдарламасы бойынша солтүстікке келіп оқуларына мүмкіндік туды. Сол жылдары сіз басқарып отырған білім ордасы алғаш болып «серпіндіктерді» қабылдаған еді. Арада төрт жыл өтті. «Серпіннің» алғашқы түлектері оқу бітірсе керек... Оқу барысында «серпіндік» студенттерге басымдық беріле ме?

– «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша бізге оқуға түскен түлектердің алғашқы легі биылғы жазда бітірді. 121 студент оқуды аяқтады. Оның сегізі ғана

жұмыс орындары туралы мәлімет берген жоқ. Ақпараттың белгісіз болуы жұмыссыз отыр дегенді білдірмейді. Мүмкін олар жұмысқа орналасқан шығар, бірақ бізге растайтын дерек келмей жатыр. Түлектердің ішінде Қостанайда қалғандары, ауылдарға барғандары, Астанаға кеткендері бар. Осы түлектердің ішінде магистратураға түскендер көп. Бұл деген сөз білім сапасының жоғарылығын білдірсе керек. Себебі, магистратураға түсу үшін баланың дипломында 3 болмауы керек. Биыл «Серпін-2050» бағдарламасы шеңберінде 35 баланы қабылдадық. Бағдарламаның қатысушыларына ешқандай басымдық берілмейді. Студенттердің бәрі бірдей. «Серпіннің» басты мақсаты – халқы тығыз орналасқан еліміздің оңтүстік аймақтарындағы (Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау облыстары) жастарды кадр жетіспеушілігін бастан кешіріп отырған Қазақстанның шығыс, солтүстік және орталық өңірлерінде оқытып, жұмысқа орналастыру болып табылады. Бұл миссия ақырындап орындалып жатыр.

– Жалпы студенттерге оқу барысында жеңілдіктер жасала ма? Атаулы немесе қосымша гранттар бар шығар, бәлкім?

– Біздің университетімізге жыл сайын 300-ге жуық мемлекеттік грант бөлінеді. «Қосымша грант» деген термин дұрыс емес. Ректор өзі грант бере алмайды. Себебі, ректордың өзінің бос қаражаты жоқ. Ректор гранты деп балаларға берілетін жеңілдіктерді айтады. Біз жетім балалардың оқуына 100% жеңілдік жасаймыз. Студенттердің әлеуметтік жағдайларына қарай 50% жеңілдіктер беріледі. Ұлттық құрамаға кіретін спортшы студенттерге де қолдау білдіреміз, олардың әлеуметтік жағдайларына қараймыз. Жетім балаларды мемлекеттік грантты алмағанның өзінде тегін оқытамыз. Қазір «Қазақстан-Қостанай» телеарнасымен бірлесе «IQ дода» деп аталатын жаңа жобаны бастағалы жатырмыз. Осы жобаның жеңімпазы біздің университетте тегін оқуға мүмкіндік алады. Бұл жеңілдік Қостанайдың дарынды жастарын қолдауға арналған.

– Ақылы оқу бөлімдеріндегі бағаның құнына қатысты алаңдаушылық бар. Бағаны кім белгілейді?

– ЖОО ақылы бөлімдердің бағасы мемлекеттік гранттардың сомасынан төмен болмауы керек. Бүгінгі күнге дейін бағаны министрлік белгіледі. 2019 жылдың 1-қаңтарынан бастап университет өздері белгілейтін болады. Бүгінде оқу ақысына 1 500 000 теңгеге дейін сұрайтын оқу орындары бар. Біздің өзіміздің стратегиялық саясатымыз бар. Болашақта ақылы оқу бағасын грант сомасынан көтермейміз. Біз студенттердің жағдайын түсінеміз. Жоғары білім қолжетімді болуы керек. Әсіресе, ауыл жастары үшін. Қазірдің өзінде оқу ақысы 390-440 мыңның арасында.

– Ақылы оқу бізге керек пе?

– Керек. Себебі, жастар үшін жоғары білімді алу қолжетімді болуы керек. Бәрі бірдей мемлекеттік грантты ала алмайды. Ескеретін бір жайт бар. Мысалы, шет тілдер мамандығы бойынша грант алған балалардың ең төменгі балы – 116. ҰБТ-дан 115 балл алған талапкер осы мамандық бойынша грантқа түсе алмай жатады. Себебі, бұл мамандықта бәсеке жоғары. 100-ден жоғары балл алған баланы нашар оқиды деп айтуға қимайсың. Ондай балаларға ақылы бөлімде білім алуға мүмкіндік беру керек. Бірақ, ақылы бөлімге түскен баланың әрі қарай оқуды алып кетуі бөлек мәселе. Біз білім беру сапасын іштей өзіміз бақылаймыз. Емтихандарды Платонов жүйесі бойынша қабылдаймыз. Бұл республикалық жүйе. Оны редакциялауға біздің құқығымыз жоқ. Жүйеге сәйкес емтихан тапсырған баланың бағасын мұғалім кейін өзгерте алмайды. Оқу ақысын төлеген студент 2 алса оқудан шығады. Біз биыл еліміздегі «Академиялық адалдық» лигасының мүшесі болып кірдік. Оның негізгі ұстанымына сәйкес, нашар оқитын студент диплом алмауы керек. Әртүрлі себептермен оқи алмағандар оқудан кетеді. Бізге білімді кадрлар керек.

– Болашақта салынатын жатақхананың жағдайы туралы бірер сөз. Жобалық-сметалық құжаттар дайын деп естідік.

– Әзірше, дайын емес. Осы айдың басында дайын болуға тиіс еді. Бірақ, әлі күнге дайын болмай жатыр. Жобалық құжаттар дайын болғанда біз министрліктің «Қаржылық орталық» АҚ-мен келісім жасаймыз. Одан кейін құрылысқа қажетті қаржы алу үшін банктен несие рәсімдейміз. Қанша қаржы кететінін нақты айта алмаймын. Себебі, жобалық құжаттар қолға тиген жоқ. Жатақханада 400-ге жуық орын болады деп жобалап отырмыз. Үш қабатты төрт корпусты кампус түрінде саламыз. Құрылыстың орыны дайын. Пушкин көшесіндегі ескі жатақхананың қасында орналасады. Қазір ол жерде спорт алаңы тұр. Спорт алаңын басқа жерге көшіреміз. Оған да орын бар. Жергілікті органдардан қажетті құжаттардың бәрін алдық. Сумен, жылумен, жарықпен қамтамасыз ету туралы құжаттар дайын. Жер заңды түрде бөлінген. Тек қана жобалық құжаттарды күтіп отырмыз. Жаңа жатақхананың құрылысына жобамен 500-800 млн теңгенің арасында қаржы керек деп ойлаймыз.

Ескі жатақхана 1966 жылдан бері қарай пайдаланылып келе жатыр. Қолданыстағы нысанға жыл сайын жөндеу жүргіземіз. Бірақ күрделі жөндеу болған жоқ. Себебі, күрделі жөндеу жасау үшін ол жерде бір жылдай адам тұрмауы керек. Бізде ондай мүмкіндік жоқ. Жатақхана екі ай жазда ғана бос тұрады. Екі айдың ішінде ағымдағы жөндеуді ғана жүргізіп үлгереміз. Қазір ескі жатақханада 600 студент тұрып жатыр. Жаңа жатақхана іске қосылғанда ескі нысанның әр қабатын босату арқылы жөндеу жұмыстарын жүргізу ойда бар. Ескі жатақхананың жұмысын мүлдем тоқтату деген жоқ. Себебі, біздің студенттеріміздің көбі ауылдан келгендер. Оларға міндетті түрде жатақхана керек. Біз бүгінде қосымша 130 орынды З.Алдамжар атындағы университетінің жатақханасынан жалға алып отырмыз.

– Университеттің кіре берістегі маңдайшасындағы жазу латын графикасымен жазылыпты. Жаңа үлгідегі әліпбиге көшуге кірісіп кеткен сияқтысыздар.

– Республика бойынша ең алғаш латын графикасына көшетін педагогикалық оқу орындары. Сондықтан біз «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Президенттің 2017 жылғы Жарлығы шыға салысымен іске кірістік. Ақпараттық хабарландырудағы материалдарды латын графикасымен жаза бастадық. Себебі, балалардың көзі үйрене беруі керек. Келесі жылдан бастап балаларды латын графикасымен оқытуды бастаймыз. Биыл латын графикасының кабинетін ашайын деп жатырмыз. Қазір кабинетті жабдықтау жұмыстары жүріп жатыр. Бір-екі айдың ішінде жұмыстарды аяқтап, ресми түрде ашамыз. Кабинет университеттің бірінші қабатында орналасады. Ол жер қала бойынша латын графикасына көшу жөніндегі әдістемелік орталық болады. Келесі жылы оқуға қабылданған студенттер латын графикасымен оқитын болады. Жаңа әліпбимен білім алған түлектеріміз 2022 жылы мектептерге барып, латын графикасымен сабақ береді. Осылайша студенттерді бірте-бірте латын графикасымен оқытамыз.

– Жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз. Сұхбатыңызға рахмет.

Суретті түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

БІЛІМ

Колледж жабылады

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Рудный технология және сервис колледжі келесі жылы өз қызметін тоқтатпақ. Көптен бері талқыланып келе жатқан оңтайландыру мәселесіне соңғы нүктені Қостанай облысының Білім басқармасы қойды. Бұл шара, ең алдымен, бюджет қаржысын үнемдеуге бағытталған. Колледж директоры Төлеген Жабуловтың айтуынша, бүгінде оқу орнын оңтайландырудың егжей-тегжейлі жоспары әзірленген.

– Біздегі аспазшы-кондитер, шаштараз, контролер-кассир мамандығында оқитын студенттер тау-кен технология колледжіне, наубайшы мен тігіншілер әлеуметтік-гуманитарлық колледжге, ал автослесар мен автоэлектрик мамандығын игерушілер құрылыс және көлік колледжіне ауыстырылады. Қазіргі міндет – осы білім мекемелері жаңа мамандықтарды оқыту үшін 2019 жылдың 1-наурызына дейін лицензияны алу қажет. Егер үлгермесе, колледж өз жұмысын уақытша жалғастыра беретін болады. Осы орайда мұғалімдер де, техникалық персонал да жұмыссыз қалмайды, – деп сендірді ол.

Бүгінде колледжде 350 студент оқиды, оның 125-і – бітіруші түлектер. Қалған 225-іне оқуларын басқа білім мекемесінде жалғастыруға тура келеді.

Білім басқармасындағылар оңтайландырудың нәтижесінде үлкен ғимаратты ұстап тұруға кететін қомақты қаражат үнемделетіндігін алға тартады. Әкімшілік қызметкерлері де қысқарады: екі директор мен екі есепшінің орнына бір-біреуден. Үнемделген қаражат аталған колледждердің материалдық-техникалық жағдайын жақсартуға бағытталмақ.

ҚАЗТЕСТ қайтсе дамиды?

Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы өкілдерінің қатысуымен «ҚАЗТЕСТ жүйесі: жетістіктері мен даму болашағы» атты республикалық оқыту семинарын өткізді. Семинар жұмысына тілдерді оқыту орталықтарының басшылары, әдіскерлері және қазақ тілі пәнінің оқытушылары қатысты. Шараның өтуіне барлығы 60 адам атсалысты.

Семинарды ҚР Білім және Ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту жөніндегі басқарма басшысы Мәншүк Мұқаметқали және Ұлттық тестілеу орталығының Тест тапсырмаларын қалыптастыруды ұйымдастыру ғылыми-әдістемелік зертханасының жетекші сарапшысы Жанар Әділбекова өткізді.

Семинарда ҚАЗТЕСТ жүйесінің құрылымы және құрылу тарихы туралы рөлі мен маңыздылығы, тапсырмалардың мазмұны, тілдік дағдыларды бағалауға арналған тапсырмалардың бағыт дәрежесі, ересек азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейі туралы толық ақпарат берілді. Мұндай іс-шаралар оқытушылардың біліктілігін арттыруға септігін тигізері сөзсіз.

Шара соңында семинар қатысушыларына сертификаттар тапсырылды.

Бахытгүл СҮЛЕЙМЕНОВА, Облыстық тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы

Жолда дұрыс жүріңіз

Облыстық ТЖД-нің кәсіптік оқыту дәрістеріне облыстық ІІД Әкімшілік полиция басқармасының әкімшілік тәжірибе бөлімі бастығының орынбасары О.Кужиков шақырылды. “ҚР ІІО қызметкерлерінің жол қозғалысы ережелерін сақтауы” тақырыбында өткізілген дәрісте полиция майоры О.Қожықов қызметкерлердің назарына “Автоураган” автоматтандырылған іздеу кешені, “Арена” спидометрі, “Интегра” жол қозғалысын бақылайтын ақпараттық жүйе туралы ақпараттарды ұсынды. Сонымен қатар, автоматты режимде жүргізілген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін айыппұлдарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін де түсіндірді. Көлік құралын алкогольді немесе есірткі әсерінің жағдайында жүргізу, сондай-ақ осы қылмысқа тағылатын жазаға да ерекше назар аударды. Департамент қызметкерлерінің қозғалыс мәдениетін жақсарту, жол қозғалысы ережелерін сақтау, жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұл салу тәртібі мен шарттарын анықтау, сондай-ақ айыппұл төлеу тәртібі мен мерзімдері туралы түсіндіру мақсатында өткізілген дәріс барысында төтенше жағдай қызметкерлері де өздерін қызықтырған сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды.

Е.АУШАХМЕТОВ, Облыстық ТЖД кадрлық жұмыс бөлімінің бас маманы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы жарық көргелі ел-елде атқарылып жатқан жақсы істерге жиі куә болып жүрміз. Соның бірі – Ұлттың ұясы атанған қарт Торғайдың төсінде көрініс тапты. Туған топырақтан түлеп ұшқан азаматтар қомақты қаражат жинап, бірқатар әлеуметтік нысандарды жаңартты. Кейбірін қайта салды. Әйтеуір, ала жаздай тыным тапқан жоқ. Соның лайықты қорытындысындай – күні кеше ғана Торғай тойы дүркіреп өтті.

Торғайдағы той

Әлібек ЫБЫРАЙ

«Тойдың болғанынан боладысы қызық», – демей ме біздің қазақ, түстіктегі ауданның тоқсан жылдық тойына әзірлік ерте көктемде басталған. Биыл өзі Торғайда той көп. Бәрін бөле-жармайық, ауданның іргетасы қаланған жылмен Торғай шаһарының 150 жылдығы, Шақшақ Жәнібек бабамыздың 325 жылдығы, халық ақыны Нұрхан Ахметбековтің 125 жылдығы, Қайнекей Жармағамбетовтің 100 жылдығы, ақын Ғафу Қайырбековтің 90 жылдығы қат-қабат келді. Сондықтан бұл жай ғана ас ішіп, аяқ босататын әшейіндегі көп тойдың бірі емес, тарихи һәм тағылымдық жағынан бір-бірінен бір мысқал кем түспейтін іскерлік байланысқа толы, оның үстіне үлкен рухани шара болғанын айта кету ләзім.

Әлбетте, тойға қазақ күні бұрын дайындалады. Үй-ішін сілкіп, ауланы сыпырып мұнтаздай етіп қою бірінші кезектегі іс. Торғай да тойға дейін «тотыдайын таранып» қонақ қабылдауға толық дайын екен. Бұл жерде ең бірінші ұйымдастыру комиссиясының алты ай жазда атқарған жұмысын айту парыз. Той өтеді, кетеді, соңында атқарылған елеулі ісі қалады. Міне, елдің азаматтары осындай көп айта жүретін шаруа тындырыпты.

«Театрдың киім ілгіштен басталатыны» сияқты, Торғай шаһарына аяқ іліктіретін тұстағы үлкен қақпа қайта жаңартылды. Мұны сол Тәуелсіздіктің құрдастары үш жарым миллион теңгедей ақша жұмсап, бастан-аяқ салып шығыпты. Азаматтар екен! Қақпаның салтанатты ашылу рәсімін де өздері ұйымдастырып, академик Кенжеғали Сағадиев ағамыздың батасын алды. Оның бергі жағында тындырылған іс көп. Соның бәрі қысқа мерзімде атқарылған. Мәдени-әлеуметтік нысандар жаңартылып, көшелер абаттандырылыпты. Құдды бір Торғай шаһары қайта түлегендей! Үш күн бойы асықпай аралап шыққан адам аудан орталығының қайта көркейгенін көріп, марқайып қалар еді. Тақтайдай тегіс жолдар, түні бойы самаладай жарқырап тұрған шамдар Торғайға ерекше көрік беріп, реңін барынша аша түскен. Көкке шапши атқылаған субұрқақ та торғайлықтардың айрықша еңбегін айғақтап тұр емес пе! Несін айтасыз, Торғайға көптен ат ізін салмаған ағайынның мынадай Ұлы шаруаны көріп мерейі өскенін көрдік.

– Сәуір айында аудан түлектері Торғайда бас қосқан болатынбыз. Сол кезде жөнделетін нысандарды әр жылғы түлектерге бекіттік. Бұл ұсынысты бәрі қуана құптады. Шын мәнінде барлығы осы бір мезетті күтіп-ақ отыр екен. Міне, көрдіңіздер ғой, соның арқасында он екі-он үш нысан толық жөнделіп, ел игілігіне айналды. Атқарылған іс мұнымен тоқталып қалмайды. Алдағы уақытта да туған жерден көмегімізді аямаймыз, – дейді осы ұйымдастыру жұмыстарының басы-қасында жүрген торғайлық азамат Айбат Қабажаев.

Ең бастысы, бұрынғы Торғай облысы құрылғанда салынған тас жолдың елу шақырымы күрделі жөнделді. Алла қаласа, жоба келесі жылы толық аяқталады. Оған облыс қазынасынан тиісті қаржы бөлінбек. Сосын ел ішінде ауыз су мәселесі шешілген. Торғайдың өз басындағы үйлерге су кіріп тұр. Соңғы жылдары біраз жаңа ғимараттар бой көтеріпті. Халықта мал көбейген. Тұрмыстары оңды. Мынадай ғажапты көрген сыртқы жерлестерімнің бірі: «Шынын айтқанда Торғайға қайта көшкіміз келіп кетті», –дейді. Рас, мына жасалған қыруар жұмыс, ел азаматтарының бір жағадан бас шығара білуі елді кәдімгідей рухтандырып тастады.

– Менің керемет бір таңқалып тұрғаным, аз ғана уақыт ішінде қаншама жұмыс істелген. Соның бәрін елдің азаматтары өз күштерімен жасаған дүние. Бұл маған ұнап тұр. Тойдан кейін де жақсы іс жалғасын тапса екен, – дейді еңбек ардагері Қойшы Сәрсенгелдин ағамыз.

Біздің елден Ұлт қайраткерлері – небір батырлар мен билер, ақын-жазушылар, ғалымдардың соңын ала көптеген бизнес өкілдері шықты. Олардың бәрі шама-шарықтарынша туған жерге өз үлестерін қосты. Мәселен, Жантемір Хамзин, Балғабай Қабжанов тәрізді меценаттар ауданды қайта түлетуде аянып қалған жоқ. Қомақты қаржы құйды.

– Елдің азаматтары алдағы уақытта да көмектесеміз деп отыр. Ұсыныстарыңыз болса айтыңыздар дейді. Әрине, демеушілерсіз бітпейтін жұмыстарымыз бар. Бәріміз жұмыла кіріссек, бітпейтін іс жоқ, – дейді Жанкелдин ауданының әкімі Шота Оспанов.

Айтпақшы, тойдың шымылдығы Нұрхан Ахметбековтің 100 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралармен басталды. Онда аудандық оқушылар айтысы, Нұрхан оқулары өте жоғарғы деңгейде ұйымдастырылды. Бәрінен бұрын ақын-драматург Серік Тұрғынбековтің «Нұрхан» қойылымы бас-аяғы төрт айдың ішінде әзірленіпті. Оны қоюшы-режиссер, байырғы сахнагер Ырысты Ерденқызының жасы жетпіске келгенмен, тікесінен-тік

жүріп, атқарып шығуы кім -кімді де таңдай қақтырғаны даусыз. Біз оны драмалық қойылымды тамашалауға жиналған ағайынның ыстық ықыласынан анық аңғардық.

Иә, Торғайда бұрын да халық театры болған. Оның басы-қасында дәл осы Нұрхан ақынның өзі

болғанын жергілікті жұрт, зиялы қауым өкілдері жақсы біледі. Бірақ, кешегі бір өптелі кезеңде театр да тарап кеткенін жасырудың қажеті жоқ. Театр тарағанмен, оның халықтық атауын ешкім тартып алған жоқ. Торғайдың өнерлі жастарының басын қосып,

үлкен бір шығарманы шебер сахналап шыққан Ырысты Ерденқызы сол олқылықтың орнын толтыруға үлкен күш жұмылдырғанын айтпасқа тағы болмайды.

– Әртістердің бәрі өздеріне тапсырылған рөлдерді жақсы орындап шықты. Бұлар әрине, бұрынғы театрдың әртістері емес, олардың көбі бүгінде бақылық болған. Өзге жаққа қоныс аударғандар бар. Мына балалар бұрын-соңды үлкен сахнаға шықпаған. Соған қарамастан халықтың пікірі жақсы, – дейді қоюшы-режиссер Ырысты Ерденқызы.

Спектакль халық ақынының өмір жолы мен шығармашылығын арқау еткен. Қойылымның өне бойынан сол кездегі заманның бар болмысы көрініс тауыпты. Басты рөлді сомдаушы Байбатыр Ахметбеков Нұрхан атамыздың бейнесін өте сәтті орындап шығуымен ерекшеленді.

– Халық ақыны Нұрхан Ахметбековтің рөлін сомдау мен үшін үлкен бақыт. Кәсіби шеберлігімнің жоқтығы шығар, рөлді ойнау барысында қатты қиналдым. Сөз жаттау оңай болғанмен, оның өзіне ғана тән іс-қимылын, мінезін, айтар ойын халықтың жүрегіне жеткізу өте қиын болды. Қысқасы, күндіз күлкі, түнде ұйқы көргенім жоқ. Дегенмен, көптің көңілінен шыққан тәрізді. Мен соған қуанамын, – дейді Байбатыр ақын.

Театр демекші, кешкісін Торғайдың орталық алаңында театрландырылған үлкен шеру өткізілді. Бұл қаланың

қазығының қағылғанына 150 жыл толуымен байланыстырылды. Тарихты қопарып, тұтас бір аудан орталығының хроникасын жазып шыққан Ырысты апамыздың жанкешті еңбегін қалай дәріптесек те жарасады.

Тоқсан жылдық барысында «Торғай елі – тұлғалар мекені» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтіп, оған облыс басшысы Архимед Мұхамбетов, осы елден шыққан бір топ көрнекті қоғам қайраткерлері Кенжеғали Сағадиев, Төлен Әбдік, байырғы су шаруашылығының министрі болған Нариман Қыпшақбаев, Рәшила Мұрсалиева, ақын-жазушылар Серікбай Оспанұлы, Қонысбай Әбіл, Серік Тұрғынбеков, Қайсар Әлім, Нағашыбай Мұқатов бастаған зиялы қауым өкілдері қатысты. Той көрігін одан әрі «Торғай әуендері» ән фестивалі, «Бабалар сазы» облыстық байқауы қыздырды. Әдеттегідей ат жарысы, қазақ күресі бұл жолы да той сәніне айналғаны анық. Мұның бәріне қомақты жүлде тағайындалыпты. Барлығы да жергілікті кәсіпкерлердің арқасы.

«Той – тәңірдің қазынасы» дейді баба қазақ. Сол қазына елдің игілігіне айналғанын көріп көңіл қуанды, мерейіміз тасыды.

Суреттерді түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

ТҰЛҒА

Қалың елге ерте танылған

Белгілі ақын Қайнекей Жармағанбетов туралы мақала жазуға кірісерде өзінің осы сөзін темірқазық ғып ұстандым.

Өмірінің соңғы 13 жылында, яғни, КазГУ-дің журналистика факультетінде оқығанда, Алматы жоғары партия мектебінің шеберлікті шыңдау курсының лекциясын тыңдағанда ағаға барғыштайтынмын. Бүгін қайталанбас шақта толтырылған күнделігімнің үзіктерін оқырман қауымның назарына ұсынуды жөн көрдім.

Ең кереметі – шетелдік қаламдастарымен тығыз байланыс орнатқан. Чилидің әлем мойындаған ақыны Павло Неруданың поэмасы мен өлеңдерін ана тілімізге жатық аударған. Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Сырбай Мәуленовпен Мәскеуде жолыққанда автор "Жасасын Жармағанбетов!" деген қолтаңбасымен кітабын Қакеңе беріп жіберген. Тосынсый "Қазақ әдебиеті" газетінде жазылды да.

Орыстың атақты ақыны Константин Симоновпен де етене араласқан. Мейрамханада сырласу үстінде ол даяшыға:

– Мне – водку коньяк – ей,

Его зовут Қайнекей, –

деп таныстырған.

"Ара" журналының редакторы ретінде "Крокодил" журналының редакторы Мануил Семеновпен жиі хабарласқан, беріректе аталған басылымның Қазақстан бойынша меншікті тілшілігіне бекіген.

Сатира жанрына қалам тартқан. Оған саланың білгірі, профессор Темірбек Қожакеевтің Қакеңнің "Хадишаға хатын" өлең-фельетонға жатқызғаны айқын дәлел.

Болмысы бөлек жанрға ықыласының ауғаны ескеріліп, сатириктердің Бүкілодақтық семинарына қатысқан. Сол сапарында достық әзілмен бейнеленген суреті

Кейбіреулер бақилық адамның мақтауын асыруға үйір. Мұның аруаққа ауыр тиетінін ойламағаны ма?!

"Огонек" журналында жарияланған.

Жетімдіктің ащы дәмін татқандықтан ба, көмекке зәру жанға қолұшын созуға дайын. Белгілі мемлекет қайраткері Оразай Батырбеков баяндағандай, "Әдебиет және искусство" /қазіргі "Жұлдыз"/ журналын басқарған тұста суретімен шығармаларын басқызып, талай талапкердің жолын ашқан. Әлгі жастардың дені танымал ақын-жазушылардың санатында.

Елуінші жылдардың бас шенінде барлық пәннен мүдірмеген торғайлық 9 баланың тек орыс тілінен тауы шағылған. Байырғы партия қызметкері Әмірғали Жәмәлиевтің мәлімдеуінше, жаңағы оқу орнындағы қабылдау комиссиясының төрағасы тұрғысында бәрін де КазПИ-ден қалаған факультеттеріне орналастырған.

– ЖенПИ-дің ректоры Мәскен Сармузина баяғыда жазушы Мұхтар Әуезовтің сүйікті қарындасы есептелетін. Олай дейтінім, Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің хатшысы кезімде Мұхаң "Грамотаңды аямасайшы. Мәскеннің көңілкүйі көтерілсін" деп ара-тұра телефон шалатын, – деп қарқылдап күлді де, Қакең қызын оқуға түсірмекші кісіні өтінішінің орындалатынына сендірді.

Заманында ұлттық әдебиетіміздің ақсақалдары ешкімнің шен-шекпеніне қарамайтын, барынша әділ сынымен дараланған қабілетін бағалаған және жас сыншыларды үлгі тұтуға үндеген.

Бірде өзара әңгіме-дүкен құрғанымызда: – Сонау 1949 жылы жасы отыздан сәл

асқан жігіт Жармағанбетов қолпаштаушылардың жетегіне ермей, Әуезовтің "Абай жолы" романын терең талдау арқылы "Негізі кесек туындыда басты кейіпкер Құнанбай болуы керек еді" деген өзіндік пікірін білдіруден тайсалмаған, – деумен жұртқа беймәлім деректі алдыма жайғанды жазушы Жайсаңбек Молдағалиев.

Әдеби сынның сардары, академик Мұхаметжан Қаратаевтың монографиялық еңбегін парақтағанда ақын Әріп Тәңірбергеновты шамадан тыс бірнеше бетке тықпалағанын, шұбалаңқы сөйлемдердің ұшырасатынын сынаған.

Әдебиет пен өнер жайлы жалған ақпарды жақтырмайтын. Енді соған байланысты оқиғаға тоқталайын:

Диплом тапсырылар апта тақағанда Алматы қаласының Тастақ жағынан жалдаған пәтеріме шақырғанмын. Жолай машинаны тоқтатып, аға:

– Мына жігіт Сауда министрлігінде жұмыс істейді. Ала кетейік, – дегесін бейтаныс адамды қасымызға отырғызып, әрмен қарай кете бардық.

Дастарқан басында мейманның:

– Ахмет Жұбановтың дәуірлеуі – композитор Евгений Брусиловскийдің арқасы, – деп қалғаны.

Ағамыздың көлденең сөзге шамданатынына қанық мен іштей қатты қысылдым.

Әлден уақытта Қакең:

– Өнерге неге қосақтасасың? Сауданмен тыныш жүрмейсің бе? – деп тойтарып тастады.

Үлкен кісімен қалай сөз жарыстырсын, ақыры мейманымыз табанын жалтыратты.

Күндердің күні қолайлы сәт туып, Қакеңнің былайша ағынан ақтарылғаны есімде:

– Құдыреті күшті Алланың бұйыртуымен небір маңызы зор шаралардың бел ортасынан көрініппін, – деді алыстан орағытып. – Мысалы, Республика Үкіметі делегациясының құрамында Бүкілодақтық староста атанған Калининді жерлерде Кеңес Одағын билеген Сталин ұстаған күрекпен топырақ салдым.

Біз парасаты биік ағаның үйінен жандүниеміз жаңғырып шығатынбыз.

Тоқетері – кейіпкеріміз баллада жанрын орнықтырған ақын, зерделі әдебиет зерттеушісі, майталман аудармашы, шәкірттерінің ұлағатты ұстазы, орта мектеп оқушыларына арналған "Қазақ әдебиеті" оқулығы авторларының бірі, үш "Құрмет Белгісі" орденінің иегері қалпында келер ұрпақтың жүрегіне қонақтамақ.

Жақсылық ЖҮНІСҰЛЫ,
Баспасөз ардагері.

Бүгін Қостанайда көрнекті жазушы Қайнекей Жармағамбетовтың туғанына 100 жылдығына орай ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді

Қайран ағам!

Қалмайтын нағыз тұлпар шын дүбірден,
Қалайша қайран кеудең тынды бірден?
Жайланып қыр төсінде жатырсың ба?
Байланып туған жерге кіндігіңнен.

Кеткен жоқ өнерге де,білімге есең,
Сөйледің әр халықтың тілінде сен,
Мәз болып өзіңменен мына дүние
Кеңейіп кетуші еді күлімдесең

Жанашыр жақындарға бар көріндің,
Тымырсық жамандарға тар көріндің,
Ақылшым, ардақты ағам, мына бүгін,
Жатырсыз түкпірінде әр көңілдің.

Өзгеше өмір сәнін жиі ұқтырып,
Сөз бәсе жүйесіне тиіп тұрып,
Кей кезде іниге ақыл айтушы едің,
Шуағын көңіліннің құйып тұрып.

Әуелде берген саған дала шабыт,
Шертуші ең домбыраңды қолға алып,
Сен барда менменсіген талайлар ақ,
Алдыңда тұрушы еді аласарып.

Теңіздей сүюші едің тереңдікті,
Кемедей тартушы едің ерен жүкті,
Әндетіп балладаңды отырушы ең,
Жігіттер жазыңдар деп өлең мықты.

Қайтейін Қайнекейім қайран ағам,
Сені ойлап түрлі-түрлі ойға барам,
Сен бүгін жапандағы бір бәйтерек,
Туған жер топырағы аймалаған.

Серік ТҰРҒЫНБЕКҰЛЫ.

Қайнекей Жармағамбетовтің қанатты сөздері

Бер бұйрықты, Отан, маған!
Айнымасқа ант етейін,
Жас қырандай саңқ етейін,
Найзағайдай жалт етейін.

* * *

Тымырайып, тым мүләйіп отырғанда данадай,
Көрсең ішін, қуыс пішін, аңлау-саңлау даладай,
Сырты сырлы, іші бос, қуыршақтай болма дос!

* * *

Өскенді де көргенбіз, бөскенді де көргенбіз,
Өсіп-бөсіп ақыры өшкенді де көргенбіз.
Болғанды да көргенбіз, толғанды да көргенбіз,
Болып, толып ақыры солғанды да көргенбіз.
Асқанды да көргенбіз, тасқанды да көргенбіз,
Асып-тасып ақыры сасқанды да көргенбіз.

* * *

Шипасы ерте солудың – қаламнан қалған іздерде.

* * *

Ақырғы демің тынғанша үміттің оты сөнбейді.

* * *

Бір арманға қол жетсе, екінші арман туады,
Түлкі боп кейде ол кетсе, қыран боп адам қуады.

* * *

Үмітпен өрден асасың, үміт-көркі көңілдің,
Арманмен алға басасың, арман – көркі өмірдің.

* * *

Бұқпантайлық жетті ғой,
Жалын боп қашан жанасың?!

* * *

Мансап деген жаман дерт, болма әуре оны қуып та.

* * *

Қулық іздеп қайтерсің,
Болсайшы аға алды кең.

* * *

Өрісті ойдан бос болсаң, сақтанып әр кез жүрермін.

* * *

Өсек ерсе соңыңнан, талайды танып қаласың,
Дос салса қанжар жоныңнан, емдеу қиын жарасын.

* * *

Менмендік пен мақтану тек есерден шығады,
Өнерсіз бекер шаттану – бір күн жарға жығады.

* * *

Бұлақ та суалады, теңізге құя алмастан,
Терек те қуарады, жапырақ туа алмастан.

* * *

Ауыз деген жалақор, мін іздегіш.

* * *

Өзін-өзі зор тұтқан – жұрт көңілін қалдырар,
Жауына тез алдырар, аяғынан шалдырар.

* * *

Шарт етіп қашан сынғанша өлімге емен көнбейді.

* * *

Ағаның іні – тынысы.

* * *

Бала – ата-ана бақыты, бала көркі өмірдің.

* * *

Дауылды шөлден, аязды желден, топанды селден именбейтін еменнің панасы тек Жер-Ана!

* * *

Өсек-аяң тергендер – қарғыс ап көктен, жерден де, нысана болар мергенге.

Күлзада МЫРЗАҒАЛИЕВА,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҰЛҒАЛАРЫ

Тектінің тұяғы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Нұрқанат ҚҰЛАБАЕВ

Бес уақыт намазын қаза жібермей, заманның қабағын бағып, Жаратқаннан елдің тыныштығы мен береке-бірлігін сұрап, әулет амандығын тілеп отырған Күлтай қажы Ғабдыкенқызы үшін Торғай да, Аманкелді де ерекше ыстық. Бүгінде сексеннің сеңгіріне аяқ басқан ел анасының қызығы мен ауыртпалығы қатар өрілген саналы ғұмырының елеулі бөлігі осы бір тағдырлы өңірдің тарихымен терең тамырласып жатыр. Қазіргі Жанкелдин ауданының аумағында Манан байдың жайлауы деп аталатын жер бар. Манан бай – Күлтәй әжейдің арғы атасы. Мыңдап жылқы айдаған дәулетті, айналасына қолы ашық, кедей-кепшікке қамқор болған кісі екен. Заманға тұтқа, елге пана бола білген Манан байдың ұрпақтары кеңес билігі орнағаннан кейін, сталиндік сұрқия саясаттың жазықсыз құрбанына айналды. Мананның ұлы – Шаяхмет 1930-1932 жылдары "әкесі ірі бай болған" деген айыппен мал-мүлкі тәркіленіп, қамауға алынып, жер аударылды. Артында Ғабдікен, Сәруар атты екі ұлы, Ақбәтен есімді жалғыз қызы қалды. Жастайынан молдадан сауат ашып, хат танып, кейін Торғайдағы Иванов мектебін тәмамдаған көзі ашық, көкірегі ояу Ғабдікен он сегізге толар-толмас шағында іні-қарындасын Рахима анасына аманаттап, оқуын жалғастырмақ ниетпен Торғайдан шыққан кіреге ілесіп, Қарабалыққа келеді. Еті тірлігінің арқасында мұнда Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру техникумына түсіп, талмай ізденіп, білімін жетілдіреді. Оқу үздігі атанып, шәкірттердің алды болып жүрген талапты жасты біреулер "Бұл байдың баласы" деп көрсетіп, арыз жазып, бір-ақ күнде техникумнан қуылады. Оқудан қолы босай қалғанда колхоз жұмысына білек сыбана кірісіп, кез келген шаруаны әп-сәтте-ақ тиянақты тындырып тастайтын алғыр жігітті сол кезде Троицк шаһарының іргесінен бой көтерген "Жаңа ауыл" ұжымшарының төрағасы Әзи Ембергенов сырттай аңдап-байқап жүретін. Оқудан шығып қалғанын естіген білікті басшы Ғабдікенді бірден "Жаңа ауылға" шақыртып, есепшілік жұмысқа алады. Ұжымшардың барлық кіріс-шығысы мен есеп-қисабы мойнына жүктелген жас маман адал маңдай термен табанды еңбек етіп, қысқа уақыт ішінде көптің алғысына бөленіп, партия басшыларының сеніміне ие болды. Осында жүріп, өмірлік серігі Қапизаны кездестірді. Отбасын құрып, Шаяхмет әкесінің шайқалған шаңырағын қайта тіктеп, түтінін түтетті. 1935 жылы тұла бойы тұңғышы Мұраты өмірге келіп, артынша араға екі-екі жыл салып, көзінің қос қарашығындай болған екі қызы дүние есігін ашты. Тұрмысы енді түзеліп, ес жиып, етек-жеңін жия бастаған шақта сұрапыл соғыс басталды. Ел басына күн туған шақта ер-азаматтың алды болып Ғабдікен әкей де майданға аттанды. Алтыға енді толған Мұраты мен бірі жетекте, бірі жөргекте құндақтаулы қос қызын құшақтап, тұрмыстың бар тауқыметауыртпалығын арқалаған ақ жаулықты Қапизасы Алладан азаматының аман-сау елге оралуын тілеп ауылда қалды. Ғабдікен Шаяхметұлы соғысқа бастан-аяқ қатысып, Сталинград шайқасында, әйгілі Курск иініндегі қанды қырғында алдыңғы шепте жүрді. Волхов, Орел, Белгород қалаларын азат етті. Киевті жаудан тазартты. Берлинге дейін барып, кейін Кеңес әскері құрамында Сахалин және Куриль аралдарын азат етуге қатысты. Соғыстың соңғы оғы атылғанға дейін қанды майдан өтінде жүріп, 1946 жылы елге оралды. Көп кешікпей, аудан орталығына шақырылып, "Жаңа ауыл" ұжымшарына басқарма болып тағайындалды.

Жаңа басқарманың ұйымдастырушылық шеберлігі мен іскерлік қабілеті осы тұста айқын аңғарылды. Соғыс жылдары тұрмысы тұралап, әбден жүдеп кеткен Жаңа ауылдың тыныс-тіршілігі Ғабдікен әкей басқарма болып барғаннан кейін айрықша жанданып, тың серпін алды. Білікті басшы ежелден аса ірі сауда жолының дәл үстіне орналасқан Троицк шаһарының транзиттік әлеуетін мақсатты пайдаланып, айналасындағы ірі елді мекендер мен өнеркәсіп орындарына ет, тері, бидай өнімдері мен мал азығын жөнелтіп отырды. Осылайша тиімді айырбас, сауда жүйесін қалыптастырып, айналасы бір-екі жылдың ішінде ұжымшарға қарасты мал басын едәуір көбейтті. Егістік көлемін кеңейтті. Алқапты әртараптандырып, арпа, бидай-сұлымен қатар қырыққабат, сәбіз, қызылша, күнбағыс, тары, жүгері егуді қолға алды. Мектеп, кітапхана, емхана, мәдениет клубы сияқты әлеуметтік нысандар толыққанды ел игілігіне жұмыс істей бастады. Майдангердің шаруашылық басқарудағы ерекше қарымқабілетін байқаған аудан басшылары Ғабдікен Шаяхметұлын Қарабалық өңіріндегі ұсақ ұжымшарларды іріландіру негізінде жасақталып, жаңа құрыла бастаған үлкен шаруашылықтарды басқарып, халықтың әл-ауқатын көтеру сияқты жауапты жұмыстарға тағайындады. Ол бұл жылдары "2-Большевик көктемі", "Мағынай", "Новая Деревня" шаруашылықтарында басқарма, басқарма орынбасары болып қызмет етті. Аспаннан бұршақ орнына қорғасын жауған соғыс өтінде талай рет ажалмен бетпе-бет келіп, бүтін Еуропаны жаяу кесіп өтіп, қиыр шығыс майданынан оралған ардагер осылайша өскен өңірді өркендету, шаруашылықтарды көтеру жолындағы еңбек майданының алдыңғы шебінен бір-ақ шықты.

Тың игеру жылдарының нағыз қызған шағы. Өңірдің солтүстік аудандарына ішкі Ресейден комсомол жастар лек-легімен келіп қоныс аударып, орнығып, жаңа кеңшарлар бой көтеріп жатқан кез. Алайда, дәл осы тұста Жанкелдин, Аманкелді сияқты шалғай аудандарда кадр тапшылығы мықтап сезіліп тұр еді. Облыс басшыларының ұйғарымымен Ғабдікен Мананов 1959 жылы Аманкелді ауданына жіберіледі. Мұнда алғаш Крупская ұжымшарын басқарып, кейін Жанкелдин колхозының басқарма төрағасы болып тағайындалады.

Бұл Күлтай әжейдің жиырмаға енді ғана шыққан шағы еді. Колхоз жұмысына ерте араласып, шаруашылықтың алдында жүрген комсомол қыздың әкесімен бірге ұзақ іс-сапарға шыққан кездері де болған. Ондайда жол үстінде әңгімені көбіне әкесі бастайтын. Кейде ақылын айтып, кейде сырын ақтарып, кейде белгілі бір шаруаға қатысты қызынан ақыл-кеңес, пікір сұрап, баласынбай кәдімгідей тең сөйлесетін. Күлтәй әжейдің әлі есінде... Әкесі алғаш Торғайға аттанып бара жатып: "Енді Торғайдың жиегіне ілігіп жатырмын. Әкем марқұм туған жерден бір уыс топырақ бұйырмай арманда кетіп еді. Кіндік қаным тамған Торғайым ата-бабам жатқан әруақты жер ғой. Олардың жазығы – бай болғаны. Жарлыға – жақсылығы, жалпыға – шарапаты көп тиіп еді жарықтықтардың. Енді, міне, Аллаға тәуба! Араға жылдар салып, мен де жеттім Торғайыма! Осы өңірді мекен еткен елге ес

болған бағзы аталарым сияқты мен де халыққа еңбек етіп, игілік дәнін ексем деген асыл арман орындалар күн жақын" – деп тебіренген еді.

1960 жылы Оразалы Қозыбаев басшылық ететін Аманкелді ауданында бұрынғы колхоздар негізінде он шақты жаңа кеңшар құрылды. Совхоз орталықтарының орны жаңадан таңдалып, тақыр жерден үр жаңа елді мекендер қанат жайды. Осы жылы кеңшар директоры болып тағайындалған Ғабдікен Мананов бұрынғы Жермоланың іргесінен бой көтерген Амантоғай ауылының алғашқы кірпішін қалады. Бар білік-тәжірибесі мен қажыр-қайратын жаңа шаруашылықтың қалыптасып, дамып, одан әрі ілгерілеуіне жұмсаған Ғабдікен Шаяхметұлы 1964 жылы Жанкелдин ауданының Аққөл кеңшарына директорлық қызметке ауысады. Орталықтан тым шалғай орналасқан ауданда ол кезде жеміс-жидек, көкөніс дегендер өте қат дүние еді. Сол кездері халықты көкөніспен және сүт өнімдерімен қамтамасыз ету керек деген мәселе көтеріліп, осы мақсатта Торғайда "Речной" кеңшары құрылады. Бұл аса жауапты міндетті Манановтан басқа ешкім шеше алмайды деп ұйғарған аудан басшылығы жаңа кеңшардың тізгінін Ғабдікен әкейге ұстатады. Тағы да жаңа шаруашылық, тағы да жаңа міндет. Ғабдікен Шаяхметұлы бұл тұста да шебер ұйымдастырушы, білікті де

әділ басшы ретінде танылып, ел сүйіспеншілігіне бөленді. Сол кезде Ғабдікен әкейдің көзін көріп, бірге еңбек етіп, дәмдес болып, бойына тәлім-тағылымын дарытқан жанның бірі – Ахаң атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры, белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз Кәрбоз Жапарұлы өз естелігінде: "Ғабекең Шұбалаң, Сужарған, Қошалақ өңірінде қой шаруашылығын дамытты. Оның ерекше бір қасиеті – ойының озықтығында. Болашақтың тамырын тап басатын көреген басшы еді. Қандай да бір істі бастамас бұрын, алдымен оның келешегіне көз жүгіртіп, алды-артын болжап, өлшеп-пішіп, содан кейін ғана барып әлгі шаруаны жүзеге асырудың ең тиімді деген жолын таңдап алатын. Ол Шұбалаңда тұңғыш рет тауарлы-сүт фермасын ұйымдастырды. Сүт өнімін арттыру мақсатында сырттан асыл тұқымды саулын сиыр алдырып, Торғай шаһарындағы дүкен сөрелерін сүт өнімдеріне толтырды. "Туған топырақта өскен көкөністің дәміне не жетсін!" деген ұран көтеріп, жергілікті халықты диқаншылыққа тартып, Торғай өзенінің бойына көкөністің сан алуан түрі мен картопektірді. Алқаптарды тамшылатып суару тәсілін пайдаланып, жоғарғы өнімге қол жеткізіп, елдің алғысын алды", – деп жазады. Білікті басшының ұйымдастыруымен Торғай іргесінде аз уақыт ішінде түп-түзу ақ шаңқан үйлер сөн түзей еңсе көтеріп, іргелі ауыл пайда болды. Жаңа кеңшарда мал басы көбейіп, жылқы саны мыңға, ірі қара басы 500-ге, ұсақ мал қырық мыңға жетіп, шаруашылық халықтың құтты мекеніне айналды.

Тау тұлғалы асыл әкенің аяулы бейнесі Күлтай әжейдің бүгінгідей көз алдында. Шаруашылықта талапшыл, қатал болғанмен, әкесі үйде аса мейірімді еді. Жүзінен ерекше бір шуақ, жанарынан нұр төгіліп тұратын. Коммунистік идеяның қылышынан қан тамып тұрған шақта Қапиза, Райхан есімді қос аруды жар етіп, екі шаңырақты тең ұстаған атпал азамат артына ұлағатты ұрпақ қалдырды. "Әкеме келген үлкен кісілер, Қапиза анамыз отыратын үлкен отауға, яғни, біздің үйге түсетін. Ал жас мейманда Райхан анам отырған кіші отауға қонақ болатын. Әкеме өмірлік серік, сүйікті жар бола білген Қапиза, Райхан аналарымның өзара сыйластығы мен татулық-жарасымы өз алдына бөлек әңгіме. Апалы-сіңілілі кісілердей өмір бойы бір-бірін сыйлап өтті. Әкем Райхан анамды ертіп, біздің үйге келгенде, Қапиза анам сандығын ашып, неше түрлі қымбат маталарын жайып салып, кіші анама: "мынаның біреуін таңдап алып, өзіне көйлек тіктіріп ал" деп тарту-таралғы жасаудан жаңылмайтын" – деп еске алады Күлтай әжей. Бұл да бір өнеге. "Тектіден текті туса игі, атаның жолын қуса игі" дейді халық даналығы. Ғұмырын халық игілігіне арнап, туған жер тарихында өшпес із қалдырған Ғабдікен Мананов артына ұлағатты ұрпақ қалдырды. Қапизадан туған ұлы Болат пен Жамал, Күлтай қыздарынан тараған ұрпақ бүгінде бір қауым елге айналды. Олардың әрқайсы өз саласы бойынша еңбектеніп, елге адал қызмет етуде.

АРДАГЕР

Абыройлы азамат

Әр ұжымда көпшілікке үлгі ететін, азаматтық беделі мол жандар болады. Сондай жанның бірі деп облыстық ТЖД Өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау және профилактикалық қызметі басқармасының бастығы болған, жақында ғана құрмет демалысына шыққан өртке қарсы қызмет полковнигі Алмас Сұңқарұлы Оспановты айтар едім.

Алмас туралы ауыз толтырып айтар жақсы жәйттер жетерлік. Өз басым ең басты ерекше қасиеттері қатарына, оның адамгершілігі мен іскерлік қабілетін, үлкен мен кішіні қатар сыйлайтын қарапайымдылығы мен ашық мінезін, сыйласу мәдениетін қояр едім. Осы қасиеттері оны әріптестері арасында да үлкен құрметке бөледі.

Өрт сөндіру қызметі ешуақытта жеңіл болған емес. Алайда, қандай қиындықтар болмасын біздің өрт сөндірушілер алдарында тұрған мақсаттарына қол жеткізіп келеді. Бұған Алмастың да сіңірген еңбегі орасан зор. Әсіресе, ол жас қызметкерлерге ақылын айтып, өмір тәжірибесінен түйгендерін үйретуден жалыққан емес. Қаншама жасты өрт сөндіру саласына тартып, оларды тәрбиелеп, керек жерінде ағалық ақылын айтып, олардың жақсы маман болып шығуына да көп үлес қосты. Жас мамандарға тек ақылын айтып қана қоймай, оларға қай істе болмасын қамқорлық танытатын. "Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра" дейді қазақ, ол үнемі маған кезінде осы саланы басқарған марқұм Әміржан Алпысов жайлы, ол кісінің басшылық қызметтегі тәжірибесі туралы көп айтатын. Шыны керек, Алмастың сондай өмірлік мәні бар ақыл-кеңестерімен мен өзім де тәрбиелендім. Сондықтан да болар, мен жайдарлы мінезді де, қарапайымдылықты да, кеңпейілділік пен асқан мейірімділікті де, әйтеуір барлық адами қасиеттердің бәрін Алмастың бойынан көретінмін. Ондайда іштен: "орнықты ой айта білетін, алтынға бергісіз ақыл айтып, өнегелі ісімен, өмірімен үлгі бола білген осындай жандардың болғаны қандай жақсы", – дейтінмін. Оның ұйытқы болуымен еліміз бойынша алғаш рет өңірдің елді мекендерінде өрт сөндіру бекетерінің ашылғандығын айта кеткен жөн. Жергілікті жердегі серіктестіктер мен шаруа қожалықтарының қолдауымен бүгінде өңірде сондай 18 өрт сөндіру бекеті жұмыс істеп тұр. Бұл ең

алдымен, кішігірім тілсіз апат орын ала қалған жағдайда сол жергілікті жердегі бекеттердің өрт сөндірушілерінің өздерінің отты ауыздықтауына мүмкіндік туғызып отыр.

Алмас Сұңқарұлы педагогикалық білім алып, еңбек жолын Науырзым ауданының Мереке орта мектебінде еңбекке баулу пәнінің мұғалімінен бастаған екен. Кейін Көкшетау техникалық институтын өрт қауіпсіздік инженері мамандығы бойынша тәмамдап, Науырзым аудандық өртке қарсы қызметінде инспектор болды. Іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында бір жылдан кейін Науырзым аудандық №16 ӨСБ бастығы, кейін Қостанай ауданы №12 ӨСБ бастығы, облыстық ТЖД бастығының орынбасары, облыстық ТЖД Өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау және профилактикалық қызметі басқармасының бастығы сияқты лауазымды қызметтерді атқарды. Ұжымды ұйыта білгенінің арқасы шығар, соңғы жылдары ол басқарған басқарма республикалық "Үздік мемлекеттік өрт бақылау басқармасы" байқауында бірнеше рет жүлделі орындарды иеленді.

Алмастың еңбек жолындағы жеткен жетістіктері де айтуға тұрарлық. Атап айтар болсақ, III дәрежелі "Төтенше жағдайлар жүйесіне еңбек сіңірген қызметкер", "Құтқару операцияларына белсенді қатысқаны үшін", "Қазақстан полициясына 25 жыл" төсбелгілерімен, I дәрежелі "Мінсіз қызметі үшін" медалімен, "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл", "ҚР тәуелсіздігіне 25 жыл", "ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитетіне 20 жыл" сияқты көптеген мерейтойлық медальдарымен, сондай-ақ ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің және облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Бар өмірін өрт сөндіру қызметіне арнап, өңірдің төтенше жағдай саласына өздігінше азаматтық үлес қосқан, осы салада қарапайым қызметтен бастап, кейін басқарма бастығы лауазымына дейін жеткен Алмас Сұңқарұлы ағымдағы жылдың наурыз айында құрметті демалысқа шықты. Бүгінде аталмыш саланың ардагері санатына қосылған Алмас Сұңқарұлының еңбек жолы жас қызметкерлерге үлгі-өнеге боларлық.

Талғат КӘКІМОВ,
Облыстық ТЖД бастығы, азаматтық қорғау полковнигі.

ЖАС ҰРПАҚ

"Әскер – балалар көзімен"

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Осындай атаумен "Арқалық қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" РММ және "Жастар – Азаматтық бастамалар орталығы" ҚБ бірлесуімен ауылдық мекендердің мектеп оқушыларына қаладағы "№44803Г" әскери бөліміне саяхат ұйымдастырылды.

Шараның басты мақсаты – өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, өз елінің патриоты болуға және әскери өмірдің қырсырымен таныстыру.

Саяхат барысында №44803Г әскери бөлімінің мамандары оқушыларға автомат құрау, бұзу және байланыс құралдарымен және бөлімдегі өзге де техникалық құрылғылармен жұмыс жасау жолдарын түсіндірді. Сондай-ақ, балалар сапқа тұру және әскери бөлім ғимаратындағы медициналық пункт қызметімен, оқу-жаттығу алаңдарымен етене танысты.

Экскурсия соңында "Восточный" ауылының оқушылары өздері үйренген автомат құрастыру мен әскери киім киюден жаттығу көрсетті.

Арқалық қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы Аян Бозаев оқушыларға әскери өмірдің маңыздылығын айтып, жас балғындарды болашақта әскери маман болуға шақырды. Белсене қатысқан оқушыларға алғысын білдіріп, мұндай маңызды шараның алдағы уақытта да жалғасын табатынын жеткізді.

Арқалық қаласы.

Қарияларды құрметтеу – жас ұрпақтың парызы

Халықаралық қарттар күнін әлем халықтары кеңінен атап өтеді. Бұл мерекеге аса мән берілуінің өзі ата-әжелерімізге деген құрметтің белгісі іспеттес. Қарияларға арналған мерекелік іс-шаралар Қостанай қаласындағы Ғ.Қайырбеков атындағы №9 орта мектебінде жиі өтеді. Білім ошағындағы 2ᵃ-сыныбының оқушылары биылғы мерекені ерекше сән-салтанатымен ұйымдастырды. Сынып іші қариялар туралы нақыл сөздер жазылған плакаттармен безендірілді. Оқушылар ата-әжелеріміз туралы тақпақ айтып, жұмбақ жасырып жарысты. Жәнел Жүргүмбекова мен Мәлика Сатыбалдинаның орындауындағы "Ақ әжем" әні мәдени іс-шарамыздың ажарын аша түскендей.

Қарттар күні – ізгілік пен құрметке негізделген маңыналы мереке. Бұл күнге ерекше көңіл бөлу арқылы жастарымыз үлкенді сыйлап, тыңдай білуге дағдыланады. Біздің халқымыз қарияларды қазынаға балаған. Алдымызда қорған болып жүретін ата буынның ақылы кейінгі жастарға ауадай қажет. Олардың жолын жалғау, өнегесін тыңдап, өсиетіне адал болу жас ұрпақтың парызы.

Анар ОРАЗМАГАМБЕТОВА.

Қостанай қаласы.

"Жолда жүру ережелері"

Біздің елімізде әртүрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Жол-көлік оқиғаларының зардабынан көбіне балалар зардап шегуде. Оның себебі – көптеген балалар жолда жүру ережелерін әлі де болса нашар біледі. Міне, осы мақсатта біздің тобымызда "Жолда жүру ережелері" атты іс-шара өтті. Мақсаты – балаларға жол белгілерінің неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Жол ережесін есте сақтау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру, барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу.

Ұ.БАЛҒАБАЕВА,
№61 бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі.

ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ

Оттан сақ болыңыз!

Қарлығаш ОСПАНОВА

Жаз мезгілі аяқталып, күз де келді. Енді саяжайлар мен жеке сектордағы үйлердің маңайында қоқыс үйінділері пайда бола бастайды. Көбінесе тұрғындар жөндеу жұмыстарынан қалған құрылыс қалдықтарын, баубақша қалдықтарын, яғни, қурап қалған шөптердің үйінділерін көше бойына жинап қойып жатады. Ал кейбіреулері мұндай қалдықтарды қала сыртындағы қоқыс алаңына төгуге ерініп, үйінің маңайында өртегенді жеңіл санайды. Мұның соңы үлкен өрт оқиғаларына да әкеп жатады. Сондықтан тілсіз жаудың алдын алу мақсатында төтенше жағдай қызметкерлері жеке сектордағы үйлерді аралап, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

– Үйдің ауласында қоқыс жағу өте қауіпті, әсіресе, желді күндері тұтанған оттың бірден лап ете қалуы да ғажап емес. Сол себепті қалдықтарды қауіпсіз қашықтықта өртеуге ғана рұқсат етіледі. Мәселен, қалдықтарды өртеу жұмыстары ғимараттан 50 метр қашықтықта іске асырылуға тиіс, оның өзінде өрт сөндіру құралдары – балта, багор, құм толы қорап, су толы сыйымдылықтар болған жағдайда ғана. Осы орайда, өрт сөндіру қызметінің мамандары мен Қостанай қаласы әкімдігінің қызметкерлері бірлесіп, жеке сектордағы үйлерді аралап, ондағы тұрғындармен кездесіп, оларға қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауды, тілсіз жаудың алдын алу жұмыстарын түсіндірудеміз, – дейді Қостанай қалалық ТЖБ-ның инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты Г.Жолбарысова.

Өртке қарсы қызмет мамандары рейд барысында тұрғындарға өрт қауіпсіздігі туралы жадынамалар таратуда. Сондай-ақ, үгіт-насихат жұмыстары дауыс зорайтқыш арқылы да жүргізілуде. Күз басталысымен қоқысты рұқсатсыз өртеу нәтижесінде қалада 6 өрт оқиғасы тіркелген. Кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін Қостанай облысы әкімдігі ішкі саясат басқармасының басшылығымен 2018 жылғы 4 тоқсанда жеке қабылдау кестесі

Лауазымы	Тегі, аты, әкесінің аты	Қабылда күні, уақыты	Қызметтік телефон	Басқарманың орналасқан жері
Басшының міндетін атқарушы	Байменова Зәуре Әнуарбекқызы	15.00-17.00 сейсенбі	575-190	Қостанай қ. Әл-Фараби даңғ., 66 501 каб.
Басшының орынбасары	Растегаева Марина Александровна	15.00-17.00 бейсенбі	575-352	Қостанай қ. Әл-Фараби даңғ., 66 510 каб.

Сенім телефоны: 575-192

График приема физических и юридических лиц руководством управления внутренней политики акимата Костанайской области в 4 квартале 2018 года

Должность	Фамилия, имя, отчество	Дни и время приема	Служебный телефон	Местонахождения управления
Исполняющий обязанности руководителя	Байменова Зауре Ануарбековна	15.00-17.00 вторник	575-190	г. Костанай пр. Аль-Фараби, 66 каб. 501
Заместитель руководителя	Растегаева Марина Александровна	15.00-17.00 четверг	575-352	г. Костанай пр. Аль-Фараби, 66 каб. 510

Телефон доверия: 575-192

Арқалық қаласы әкімінің аппаратында 2018 жылдың төртінші тоқсанында жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Күзенбаев Э.Қ.	Әкім	03.10.2018	10.10.2018	17.10.2018	24.10.2018	31.10.2018	11.00-12.00	Абай д.,29-801
Әубәкіров Т.Ғ.	Әкім орынбасары	04.10.2018	11.10.2018	18.10.2018	25.10.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-701
Мусин И.Ғ.	Әкім орынбасары	04.10.2018	11.10.2018	18.10.2018	25.10.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-707
Хамзин Д.Н.	Әкім орынбасары	05.10.2018	12.10.2018	19.10.2018	26.10.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-703
Бралин Б.С.	Аппарат басшысы	05.10.2018	12.10.2018	19.10.2018	26.10.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-811
Күзенбаев Э.Қ.	Әкім	07.11.2018	14.11.2018	21.11.2018	28.11.2018		11.00-12.00	Абай д.,29-801
Әубәкіров Т.Ғ.	Әкім орынбасары	08.11.2018	15.11.2018	22.11.2018	29.11.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-701
Мусин И.Ғ.	Әкім орынбасары	08.11.2018	15.11.2018	22.11.2018	29.11.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-707
Хамзин Д.Н.	Әкім орынбасары	09.11.2018	16.11.2018	23.11.2018	30.11.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-703
Бралин Б.С.	Аппарат басшысы	09.11.2018	16.11.2018	23.11.2018	30.11.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-811
Күзенбаев Э.Қ.	Әкім	05.12.2018	12.12.2018	19.12.2018	26.12.2018		11.00-12.00	Абай д.,29-801
Әубәкіров Т.Ғ.	Әкім орынбасары	06.12.2018	13.12.2018	20.12.2018	27.12.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-701
Мусин И.Ғ.	Әкім орынбасары	06.12.2018	13.12.2018	20.12.2018	27.12.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-707
Хамзин Д.Н.	Әкім орынбасары	07.12.2018	14.12.2018	21.12.2018	28.12.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-703
Бралин Б.С.	Аппарат басшысы	07.12.2018	14.12.2018	21.12.2018	28.12.2018		15.00-16.00	Абай д.,29-811

Жеке қабылдауға алдын ала жазылу **№ 104** кабинетте жүргізіледі.
Байланыс телефоны: **7-02-32.**
Қала әкімі аппаратының мекенжайы: **Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 29.**

График приема физических и представителей юридических лиц в аппарате акима города Аркалыка на четвертый квартал 2018 года

Кузенбаев Э.К.	Аким	03.10.2018	10.10.2018	17.10.2018	24.10.2018	31.10.2018	11.00-12.00	пр.Абай, 29-801
Аубакиров Т.Г.	Заместитель акима	04.10.2018	11.10.2018	18.10.2018	25.10.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-701
Мусин И.Г.	Заместитель акима	04.10.2018	11.10.2018	18.10.2018	25.10.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-707
Хамзин Д.Н.	Заместитель акима	05.10.2018	12.10.2018	19.10.2018	26.10.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-703
Бралин Б.С.	Руководитель аппарата	05.10.2018	12.10.2018	19.10.2018	26.10.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-811
Кузенбаев Э.К.	Аким	07.11.2018	14.11.2018	21.11.2018	28.11.2018		11.00-12.00	пр.Абай, 29-801
Аубакиров Т.Г.	Заместитель акима	08.11.2018	15.11.2018	22.11.2018	29.11.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-701
Мусин И.Г.	Заместитель акима	08.11.2018	15.11.2018	22.11.2018	29.11.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-707
Хамзин Д.Н.	Заместитель акима	09.11.2018	16.11.2018	23.11.2018	30.11.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-703
Бралин Б.С.	Руководитель аппарата	09.11.2018	16.11.2018	23.11.2018	30.11.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-811
Кузенбаев Э.К.	Аким	05.12.2018	12.12.2018	19.12.2018	26.12.2018		11.00-12.00	пр.Абай, 29-801
Аубакиров Т.Г.	Заместитель акима	06.12.2018	13.12.2018	20.12.2018	27.12.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-701
Мусин И.Г.	Заместитель акима	06.12.2018	13.12.2018	20.12.2018	27.12.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-707
Хамзин Д.Н.	Заместитель акима	07.12.2018	14.12.2018	21.12.2018	28.12.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-703
Бралин Б.С.	Руководитель аппарата	07.12.2018	14.12.2018	21.12.2018	28.12.2018		15.00-16.00	пр.Абая, 29-811

Предварительная запись на личный прием проводится в кабинете **№ 104,**
контактный телефон: **7-02-32.**
Местонахождение аппарата акима города: **г. Аркалык, пр. Абая, 29.**

Екі полицейге айып тағылды

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Қостанай аудандық сотында Дарья Махартованың өліміне қатысты қылмыстық іс қаралды. Іс деректеріне сүйенсек, 20 шілде күні сағат 22.00 шамасында Қостанай облысының Затобол кентінде 18 жастағы Дарья Махартова үйден шығып кетіп, қайтып оралмаған. Полицейлердің өз міндетін дұрыс атқармауынан куәгерлер хабарлаған қылмыс орны жіті қаралмай, Қостанай АІІБ жедел кезекші көмекшісінің нұсқауы еленбеген. ҚР ҚК 99-бабы ("Адам өлтіру") бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары басталды. Кейінірек полицейлер 26 жастағы күдікті азаматты тұтқындады.

"2018 жылдың 20 шілдесінде Р. және Е. атты қос полицей қылмыс орны туралы нақты ақпаратты ала отырып, оның алдын алуға мүмкіндігі болса да, "SsangYong" маркалы көліктің салонынан шықпастан, тасжол учаскесін көзбен ғана шолып шыққан. Сосын немқұрайлылық танытып, оқиға орнынан кетіп қалған. Аймақты шолып шыққан соң полицейлердің бірі түскен хабарламаның расталмағаны жөнінде рапорт жазған және 2018 жылдың 21 шілдесінде материал номенклатуралық істерге енген", – деп түсіндірілді облыстық сотта.

Осы іске қатысты полицейлер 2018 жылдың 3 қазанында сот алдында жауап береді. Оларға кінәларын мойындау туралы айып тағылып, прокурормен процессуалдық келісімге келу ұсынылды.

Қостанайлық спортшы – әлем чемпионы!

Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

Италияның Йезоло қаласында кадеттер мен жастар арасында кикбоксингтен әлем чемпионаты өтті. 56 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен қостанайлық Дарья Гринь алтын медаль иегері атанды. Туған жеріне келген чемпион қызды туғандары мен бапкерлері қарсы алды.

– Спортта жетістікке жету үлкен күш-қуат пен жігерлік қажет. Мені үлкен спортқа әкем бағыттады. Биік тұғырдан көріну спортшыға өзіне деген сенімділігін арттыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, кеңесін айтып, жеңісті жолға бағыттайтын білікті бапкерлеріме алғысым шексіз. Негізі Қостанай өңірінде халықаралық ареналарда чемпиондарды шығарған бапкерлер жетерлік, – дейді чемпион қыз.

Дарья Гринь Йезоло қаласындағы жарыста 2000 спортшының ішінен озық шықты. Жарысқа әлемнің 65 елінен қатысушылар келді.

Дарья осы уақытқа дейін әлемнің бірнеше елінде бақ сынап, тәжірибе жинап қайтты. Алдағы уақытта да талантты қызды бірнеше дүбірлі додалар күтіп тұр.

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Еңбек еленді

Жандос ЖҮСІПБЕК

"Мирас" мәдениет үйінде "Тіл – рухани қазына" атты шара өтіп, мемлекеттік тілді дамытуға үлес қосқан тұлғалар мен ұжымдар марапатталды. Еңбегі еленгендердің қатарында "Қостанай таңы" облыстық газетінің ресми сайты бар.

Бұл жиын тілдер күніне орай облыс көлемінде өткен іс-шараларды қорытындылауға арналды. Тағы бір мақсаты – мемлекеттік тілді дамытуға қомақты үлес қосқандарға алғыс жариялау. Өңірдің әр түкпірінен жиылған қонақтарға мерекелік лебіздер айтып, ән-күймен қошеметтеу де жылдағы дәстүрше жүзеге асты.

– Облыс әкімі Архимед Мұхамбетовтің атынан баршаңызды Тілдер күнімен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Биыл бұл мереке ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне, яғни, 5 қыркүйекке ауыстырылып, ауқымды түрде аталып өтті. Бұл датаға орай облыс бойынша 200-ге жуық іс-шара ұйымдастырылған. Бәрінің ортақ міндеті – еліміздегі тілдерге құрмет көрсетіп, мемлекеттік тілдің мерейін үстем ету. Жалпы, Қостанайда тілдерді оқытатын 20 база жұмыс істейді. Қазақстандағы барлық тіл заңмен қорғалған, ал солардың ең басты атрибуты, туы, елтаңбасы іспеттісі – қазақ тілі, – деді құттықтау сөзінде облыс әкімінің орынбасары Ерлан Спанов.

Ол мұнан кейін ерек еңбегі үшін елеулі тұлғаларды, ұжымдарды түрлі аталым бойынша марапаттады. Атап айтқанда, облыс әкімінің арнайы сыйлығына қаламгер Ғұмар Ахметчин, "Тілдің туын көтерген" аталымындағы сыйлыққа белгілі журналист Оразалы Жақсанов, "Үміт-Надежда" қоғамдық қорының жетешісі Аруна Жақсығұлова ие болды. Аудан-қалалардағы тіл бөлімдерінің басшыларының да жыл бойғы еңбегі еленді. "Қостанай таңы" газетінің ресми сайтының ұжымы "Көрген көзде жазық жоқ" айдарының, "Латын әліпбиіне көшіңіз" транслитерациялық қосымшасының жемісті жұмысы үшін "Тіл тілекшісі" аталымы бойынша марапатталды.

Облыс өнерпаздары жүлдегерлерге арнап концерттік бағдарлама тарту етті.

Меншік иесі:
"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС

Директор-Бас редактор
Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44
Жауапты хатшы: 54-67-65
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:
Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22

Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-34-49

Меншікті тілшілер:
Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Ⓐ – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінде 28.04.2016 жылы тіркеліп, № 15979-Г куәлігі берілген.
Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Костанайполиграфия" ЖШС баспаханасы.
Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.
Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 9185 Тапсырыс 2602 Нөмірдің кезекші редакторы Әлібек ЫБЫРАЙ.